

Ұйымдарды, азаматтарды және басқа адамдарды қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындауға, қарсылас жақтың қару қолдануының салдарын жоюға, зақымданған, қираған объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күреске қатысуға тарту ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1142 Қаулысы
"Соғыс жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 наурыздағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ұйымдарды, азаматтарды және басқа адамдарды қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындауға, қарсылас жақтың қару қолдануының салдарын жоюға, зақымданған, қираған объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күреске қатысуға тарту ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 1 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 1 4 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Ұйымдарды, азаматтарды және басқа адамдарды қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындауға, қарсылас жақтың қару қолдануының салдарын жоюға, зақымданған, қираған объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күреске қатысуға тарту ережесі

1. Осы Ұйымдарды, азаматтарды және басқа адамдарды қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындауға, қарсылас жақтың қару қолдануының салдарын жоюға, зақымданған, қираған объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету

жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күреске қатысуға тарту ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Соғыс жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 наурыздағы Заңына сәйкес әзірленді.

2. Меншік нысанына қарамастан, соғыс жағдайы кезеңінде жұмыс істеуін жалғастырып жатқан ұйымдар, азаматтар мен еңбекке қабілетті жастағы басқа адамдар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайы жарияланған кезде қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындауға, қарсылас жақтың қару қолдануының салдарын жоюға, зақымданған, қираған объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күреске қатысуға (бұдан әрі - қорғаныс сипатындағы жұмыстар) тартылады.

3. Ұйымдарды, азаматтарды және басқа адамдарды қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындауға тартуды соғыс жағдайы енгізілген аумақтағы жергілікті атқарушы органдардың Азаматтық қорғаныс бастықтары - әкімдер арқылы әскери басқару органдары ұйымдастырады.

4. Ұйымдарды, азаматтарды және басқа адамдарды қорғаныс сипатындағы жұмыстарға тарту туралы шешім соғыс жағдайы енгізілген жергілікті атқарушы органдар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әскери басқару органы басшысының тиісті бұйрығымен жеткізіледі және ресімделеді.

5. Азаматтар және басқа адамдар соғыс жағдайы енгізілген аумақтағы Азаматтық қорғаныс бастығының шақыртуы бойынша қорғаныс сипатындағы жұмыстар үшін көрсетілген орынға және уақытта келеді.

6. Қорғаныс сипатындағы жұмыстар үшін тартылатын ұйымдар, азаматтар және басқа адамдар Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерде көзделген азаматтық қорғаудың міндеттерін орындайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Жергілікті атқарушы органдардың Азаматтық қорғаныс бастықтары - әкімдер тиісті аумақтағы өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күресті жүзеге асырған кезде тартылатын адамдарды арнайы киіммен және керек-жарақпен қамтамасыз етеді.

8. Соғыс жағдайы енгізілген аумақтағы ұйымдар, азаматтар және басқа адамдар әскери жағдайды және өздеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген өзге де жұмыстарды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың талаптарын орындайды.

9. Әскери басқару органдары қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындауға ұйымдарды, азаматтарды және басқа адамдарды тартқан кезде, осы Ережеге қосымшаға

сәйкес олардың осы жұмыстарға қатысқандығын растайтын құжат береді. Құжатқа әскери басқару органының басшысы қол қояды және мөрмен бекітіледі.

Ұйымдарды, азаматтарды және басқа адамдарды қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындауға, қарсылас жақтың қару қолдануының салдарын жоюға, зақымданған, қираған объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күреске қатысуға т а р т у е р е ж е с і н е қосымша

(ұйымның атауы, жұмыстарды орындауға тартылған, азаматтың немесе басқа адамның Т.А.Ә.)

20__ жылғы _____ кезеңінде
_____ жұмыстарын

(жұмыс түрін көрсету қажет)

орындауға тартылды.

Әскери басқару органының атауы

Басшының Т.А.Ә.

(әскери басқару органы басшысының қолы)
М.О.

(қол қойылған күні)